



ҚАУЛЫ

2021 жылғы «5» ақпан

Тараз қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 38

город Тараз

**Бәсекелес ортаға берілетін ұйымдардың тізбесін бекіту туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және «Жекешелендірудің 2021 - 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мына:

1) бәсекелес ортаға берілетін коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесі осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес;

2) акционерлік қоғамдардың және олармен үлестес болып табылатын өзге заңды тұлғалардың бәсекелес ортаға берілетін еншілес, тәуелді ұйымдарының тізбесі осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулыдан туындайтын қажетті шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Мамаевқа жүктелсін.

Жамбыл облысының әкімі



Б. Сапарбаев

Жобаны ұсынушы:

Жамбыл облысының әкімдігі

қаржы басқармасының басшысы

Р. Исаева

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2021 жылғы «05» сәуір  
№ 98 қаулысына 1 қосымша

**Бәсекелес ортаға берілетін коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесі**

№	Ұйымның атауы	Іске асыру мерзімі
1.	«Меркі тынысы» - Баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл сәуір айы
2.	«Шу аудандық баспасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл маусым айы
3.	«Талас аудандық «Талас тынысы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл қараша айы
4.	«Т.Рысқұлов аудандық «Құлан таңы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл тамыз айы
5.	«Жуалы аудандық «Жаңа өмір» - «Новая жизнь» қоғамдық-саяси газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл қараша айы
6.	«Сарысу» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл қараша айы
7.	«Редакция газеті «Жамбыл-Тараз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл шілде айы
8.	«Қордай шамшырағы – Кордаевский маяк» аудандық қоғамдық-саяси газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл тамыз айы
9.	«Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2021 жыл шілде айы
10.	«Мойынқұм аудандық «Мойынқұм таңы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі»	2021 жыл мамыр айы
11.	«Шу ауданы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шу-Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2022 жыл маусым айы
12.	«Жасыл Ел-Тараз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2023 жыл шілде айы
13.	«Тараз қаласы әкімдігінің Тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жамбыл су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2023 жыл желтоқсан айы
14.	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің «Аса-су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл шілде айы
15.	«Талас ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талас - таза су» көпсалалы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2024 жыл қараша айы
16.	«Жаңару-2017» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2024 жыл қараша айы

17.	«Сарысу ауданы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Жаңатас су-жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл қараша айы
18.	«Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің «Сарысу сулары» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл қараша айы
19.	Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жасыл-жуалы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2024 жыл қазан айы
20.	«Талас ауданы әкімдігінің «Игілік» көпсалалы кәсіпорны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл қазан айы
21.	«Талас ауданы әкімдігінің «Таза-талас» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл қыркүйек айы
22.	«Қордай ауданы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі кәсіпорны» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2024 жыл мамыр айы
23.	Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің «Таза мекен» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2025 жыл тамыз айы
24.	Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Таза су-2014» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2025 жыл шілде айы
25.	Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің «Құлан-энерго жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2025 жыл шілде айы
26.	Жамбыл облысы әкімдігі ауыл шаруашылығы басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талас-аса» коммуналдық мемлекеттік су шаруашылығы кәсіпорны	2025 жыл қазан айы
27.	«Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Байзақ су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2025 жыл мамыр айы
28.	«Қордай ауданы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Қордай су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	2025 жыл мамыр айы
29.	Жуалы ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Жуалы-су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	2025 жыл қараша айы

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2021 жылғы « 5 » ақпан  
№ 38 қаулысына 2 қосымша

**«Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының үлестес болып табылатын өзге заңды тұлғалардың бәсекелес ортаға берілетін еншілес, тәуелді ұйымдардың тізбесі**

№	Ұйымның атауы	Іске асыру мерзімі
1.	«Astana Food Storage» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2022 жыл қараша айы
2.	«Әулие-Ата» мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
3.	«Оңтүстік» Қаржы Компаниясы» акционерлік қоғамы	2024 жыл қараша айы
4.	«ТаразКожОбувь» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
5.	«Тараз сервис-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	